

ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНА ШОЛУ

2021 жылғы III тоқсан

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Қаржы нарығына шолуда нарық қатысушыларына өтімділіктің негізгі ағындары қозғалысының неғұрлым толығырақ мәліметін беру мақсатында қаржы нарығындағы негізгі үрдістер ашып көрсетіледі.

Құжатты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты департаменті дайындады. Құжат Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында тоқсанына бір рет электрондық нұсқада жарияланады

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ....4

I. АҚША НАРЫҒЫ....5

А) Ашық нарық операциялары....7

Б) Тұрақты қолжетімділік операциялары....7

II. ВАЛЮТА НАРЫҒЫ....9

А) Айырбастау бағамын қалыптастырудың сыртқы факторлары....10

Б) Ішкі валюта нарығындағы жалпы ахуал....11

В) Биржалық валюта нарығындағы операциялар....11

Г) Биржадан тыс валюта нарығындағы операциялар....12

Д) Жеткізілімсіз валюта форвардтарының нарығы....12

Е) Қолма-қол шетел валютасы нарығы....13

III. ҚОР НАРЫҒЫ....16

А) Мемлекеттік бағалы қағаздар....17

Б) Корпоративтік облигациялар нарығы....18

В) Акциялар нарығы....19

IV. ДЕПОЗИТ НАРЫҒЫ....21

А) Депозиттік операциялар....22

Б) Депозиттік мөлшерлемелер....23

В) Депозиттерді долларландыру....23

VI. КРЕДИТ НАРЫҒЫ....24

А) Кредиттік мөлшерлемелер....25

Б) Жаңа кредиттер беру....25

В) Нетто-кредиттеу және ЕДБ кредиттер портфелі....26

НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН ҰҒЫМДАР....27

НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ....28

БОКСТАР

1-бокс. Жекелеген дамушы елдердің валюталарына шолу....14

КІРІСПЕ

Әлемдегі инфляциялық үдерістер 2021 жылдың 3-тоқсанында жеделдеп, көпжылдық рекордтарды жаңартты. Дамыған елдердің орталық банктерінің риторикасы күшейе бастады, ал олардың кейбірі қолдау бағдарламаларының тоқтатылғаны туралы белгі бере бастады, бұл әлемдік қаржы нарықтарына әсерін тигізді.

Ақша нарығы. 2021 жылғы 3-тоқсанда Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені жиынтығында 9,0%-дан 9,5%-ға дейін 50 б.т. (шілденің аяғында және қыркүйектің ортасында) көтеру туралы екі рет шешім қабылдады, бұл базалық мөлшерлеме дәлізінің шекарасы шеңберінде ақша нарығындағы мөлшерлемелердің өсуіне әкеп соқты. Мөлшерлемелер теңгелік өтімділікке жоғары сұраныс кезеңінде дәліздің жоғарғы шекарасына жақын өсуін көрсетті. Ұлттық Банк алып қойған өтімділіктің қысқаруына қарамастан (ноталар көлемінің төмендеуі есебінен) ақша нарығындағы қолда бар профицит таргеттелетін мөлшерлеменің пайыздық дәліздің төменгі шекарасына жақын болуына ықпал етеді.

Валюта нарығы. Мұнай нарығының қолайлы конъюнктурасына қарамастан, ел ішіндегі валюта нарығы дамыған елдердің орталық банктерінің ақша-кредит жағдайларын қатаңдату жөніндегі белгілерінен, сондай-ақ теңгенің нығаюын шектей отырып, іскерлік белсенділікті қалпына келтіруден және импорттың өсуінен туындаған шетел валютасына ішкі сұраныс салдарынан сыртқы нарықтардағы құбылмалылық қысымында болды.

Қор нарығы. Базалық мөлшерлеменің көтерілуі аясында қысқа мерзімде кірістілік қисығы өсті. ҚР Қаржы министрлігінің орта мерзімді және ұзақ мерзімді МБҚ-ға жоғары сұраныс кірістілік қисығын неғұрлым ұзақ мерзімдерде 2021 жылғы 2-тоқсанның соңындағы деңгейден төмен түсірді. Бағалы қағаздардың корпоративтік нарығында орналастырудың өсуі кезінде МБҚ нарығында орналастыру қысқарды. Акциялар нарығы шикізат бағасының өсуі және энергетикалық және қаржы секторлары эмитенттерін қолдаған оң корпоративтік есептер аясында кезекті тарихи ең жоғарғы деңгейіне жетті.

Депозит нарығы. Депозиттік ұйымдардағы депозиттердің өсу қарқыны зейнетақылық артылған қаржыны алу әсерінің біртіндеп таусылуына қарай баяулады. Теңгелік депозиттердің валюталық депозиттерге қарағанда едәуір өсуі депозиттерді долларландырудың 36,2%-ға дейін одан әрі төмендеуіне әкелді.

Кредит нарығы Базалық мөлшерлеменің жоғарылауынан кейін корпоративтік және бөлшек секторға кредиттердің құны 3-тоқсан бойына бірқалыпты өсуді көрсетті. Экономикадағы іскерлік белсенділікті қалпына келтірудің жалғасуы барлық салаларда корпоративтік секторға жаңадан берілген кредиттер көлемінің өсуіне ықпал етті. Тұтынушылық қарыздар жетекшісі болып қала беретін жаңа бөлшек сауда қарыздары жалпы кредиттердің өсуіне қосқан үлесін қолдады. Ипотекалық кредиттер тұрғын үйге сұраныстың өсуі аясында өсуді жалғастырды.

I. АҚША НАРЫҒЫ

I. Ақша нарығы


Ақша нарығының мөлшерлемелері Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесін көтеруінен кейін таргеттелетін дәліз шеңберінде көтеріле бастады.

Ұлттық Банк алып қойған өтімділіктің төмендеуіне қарамастан, мөлшерлемелердің дәліздің жоғарғы шекарасына жақын өсуі байқалған кезде теңгелік өтімділікке жоғары сұраныстың жекелеген кезеңдерін қоспағанда, өтімділік профициті мөлшерлемелерге төмендету қысымын көрсетті.

Таргеттелетін бір күндік репо мөлшерлемесінің төменгі шекарада шоғырлануы нарықтық қатысушылардың қатысуы өскен кезде төмендеді.

Tonia мен базалық мөлшерлемелер арасындағы спред орташа құбылмалылық сақталған кезде тарылды.

1-график. МБҚ-мен репо нарығындағы пайыздық мөлшерлемелер




Дереккөзі: ҚРҰБ

Проинфляциялық тәуекелдердің күшеюі аясында Ұлттық Банк 2021 жылғы 3-тоқсанда екі рет базалық мөлшерлемені 25 б.т.: шілденің аяғында 9,25%-ға дейін және қыркүйектің ортасында 9,5%-ға дейін көтеру туралы шешім қабылдады.

Ақша нарығының мөлшерлемелері 2021 жылғы 3-тоқсанда өтімділікке жоғары сұраныстың жекелеген кезеңдерінде жоғарғы шекараға жақындай отырып, пайыздық дәліздің төменгі шекарасы мен базалық мөлшерлеме арасында қалыптасты (1-график).

Мөлшерлемелердің пайыздық дәліздің жоғарғы шекарасына дейін өсуіне салық кезеңі, сондай-ақ валюта нарығындағы сауда-саттық көлемінің өсуі ықпал етті. Tonia мөлшерлемесі мен базалық мөлшерлеме арасындағы спред тарылып, 2021 жылғы тоқсанда орташа алғанда -0,4 п.т. (биылғы жылғы 2-тоқсанда -0,6 п.т., 2020 жылғы 3-тоқсанда -0,5) болды. Спредтің құбылмалылығы өткен тоқсанның деңгейінде сақталды (0,4) және өткен жылғы 3-тоқсанымен (0,9) салыстырғанда іс жүзінде 2 есе төмендеді.

2-график. Бір күндік репо нарығында теңгені орналастыру мәмілелері бойынша мөлшерлемелер



Дереккөзі: ҚРҰБ

Төменгі шекарада бір күндік репо мөлшерлемесінің шоғырлануы төмендеді, оған екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, олардың тарапынан көлемдердің өсуін ескере отырып, нарыққа қатысушылар үлесінің өсуі ықпал етті (2, 8-график). Егер ЕДБ тарапынан орналастыру негізінен төменгі шекара мен базалық мөлшерлеме арасында қалыптасуын жалғастырса (шамамен 90%, 2-график), онда көрсетілген ауқымдағы басқа қатысушылардың мәмілелер саны өткен тоқсанмен салыстырғанда 90%-дан 78%-ға дейін қысқарды.

Ұлттық Банктің қатысу үлесі шамалы болды және мөлшерлемелерді негізінен нарыққа қатысушылар қалыптастырды.

Биылғы жылғы қыркүйекте ҚҚБ ақша нарығының жаңа индикаторларын - TONIA Compounded Index және TONIA Compounded Rate есептеуді және жариялауды бастады, олар Еуропалық қайта құру және даму банкінің және қазақстандық банктердің қатысуымен ақша нарығының индикаторлары бойынша жұмыс тобының қызмет нәтижелері бойынша әзірленді.

Жаңа индикаторлар қаржы өнімдерінің бағасын қалыптастыру кезінде бағдар болады және қаржы нарығына қатысушыларға өнім желісін әртараптандыруға мүмкіндік береді.

А) Ашық нарық операциялары

2021 жылғы 3-тоқсанда көбінесе ашық нарық құралдарымен алынатын ақша нарығындағы өтімділік профициті 5,2 трлн теңгеге дейін 4,4%-ға немесе 239,7 млрд теңгеге төмендеді. Айналыстағы ноталардың көлемі 733,5 млрд теңгеге қысқаруы депозиттер мен депозиттік аукциондарда қалдықтар 541,2 млрд теңгеге өсуінен ішінара өтелді (3-график).

Мерзімдері бойынша ноталарды бөлуде айлық және үш айлық ноталар есебінен көлем төмендеді.

Депозиттік аукциондар арқылы өтімділікті алу өсуін жалғастырып, 3-тоқсанда орта есеппен алдыңғы тоқсандағы көлемнен 21%-ға асты (4-график).


Базалық мөлшерлеме өсірілгеннен кейін депозиттік аукциондар мен 28-күндік ноталар бойынша мөлшерлеме де өсті (5-график). Үш айлық және жартыжылдық ноталарға сұраныс кірістілігіне төмендету қысымын көрсете отырып, нақты орналастырудан тұрақты асып кетуін жалғастыруда.

Б) Тұрақты қолжетімділік операциялары

Тұрақты қолжетімділік операцияларымен өтімділікті алу көлемінде төмендеу үрдіс болды, ЕДБ-ның Ұлттық Банктегі депозиттері олардың қозғалтқышы болуын жалғастырды (6-график). Теңгеге артқан сұраныстың жекелеген кезеңдерінде Ұлттық Банк кері репо операциялары арқылы өтімділік ұсынды.


Қаралып отырған тоқсанда нарыққа қатысушылардың қысқа мерзімдегі орналастыруының өсуі нәтижесінде репо нарығында сауда-саттық көлемі ұлғайды (5-график). Ұзақ мерзімдердегі (30 күнге дейінгі) репо көлемі қысқарған кезде өтімділіктің негізгі әкелінуі бір күндік репо операциялар бойынша байқалды.

3-график. ҚРҰБ операциялары бойынша ашық позиция




Дереккөзі: ҚРҰБ

4-график. Ноталар мен депозиттік аукциондар бойынша ашық позиция




Дереккөзі: ҚРҰБ

5-график. Ноталар мен депозиттік аукциондар бойынша мөлшерлемелер




Дереккөзі: ҚРҰБ

6-график. ҚРҰБ тұрақты қолжетімділік операцияларының көлемі



Дереккөзі: ҚРҰБ


7-график. Репо нарығындағы ашық позициялар



Дереккөзі: ҚРҰБ

Бір күндік репо нарығында ірі қорлар, даму банктері және мемлекеттік компаниялар тарапынан өтімділікті ораналстыру үлесі біршама өсті (46%). Банк секторының үлесі 44%-ға дейін төмендеді (алдыңғы тоқсанда 65%). Озық 10 банктің үлесі есепті тоқсанда 75% болды (2021 жылғы 2-тоқсанда 81%). Өтімділікті тарту бойынша сұраныстың жартысынан астамы брокерлік және инвестициялық компаниялар тарапынан (52%), сондай-ақ банк секторы тарапынан (43%) қалыптасты (8-график).


8-график. 1-күндік репо нарығының құрылымы



Дереккөзі: ҚРҰБ, ҚҚБ

Есепті тоқсанда жекелеген ірі банктерде және инвестициялық компанияларда өтімділіктің негізгі көлемі шоғырлануы нәтижесінде бір күндік репо нарығында қаражат тартуда өтімділіктің шоғырлануы өсті (қаражатты орналастыруда орташа шоғырлану) (7-график).

9-график. Бір күндік репо нарығының шоғырлануы (Херфиндаль-Хиршман индексі)



Дереккөзі: ҚРҰБ

Нарықтағы шоғырлану дәрежесін бағалау үшін қолданылатын Херфиндаль — Хиршман индексі негізінде есептелді. Барлық қатысушылардың үлестері квадраттарының сомасы ретінде айқындалады. Аймақ неғұрлым бұлыңғыр болса, шоғырлану соғұрлым жоғары болады:
Жоғары шоғырланған нарықтар: 1800 < HHI < 10000
Орташа шоғырланған нарықтар: 1000 < HHI < 1800
Төмен шоғырланған нарықтар: HHI < 1000

II. ВАЛЮТА НАРЫҒЫ

II. Валюта нарығы

Мұнай нарығының қолайлы конъюнктурасына қарамастан, ел ішіндегі валюта нарығы дамыған елдердің орталық банктерінің ақша-кредит талаптарын қатаңдату жөніндегі сигналдарынан, сондай-ақ іскерлік белсенділіктің қалпына келуінен және импорттың өсуінен туындаған шетел валютасына деген ішкі сұраныстан теңгенің нығаюын шектей отырып, сыртқы нарықтардағы құбылмалылық қысымына ұшырады.

А) Айырбастау бағамы қалыптасуының сыртқы факторлары


2021 жылғы 3-тоқсанның бірінші жартысында коронавирустың дельта штамы таралуы аясында әлемде эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауы жаһандық экономикалық өсуді күтуді айтарлықтай қайта бағалауға әкелді. Іскерлік белсенділіктің қалпына келуінің баяулауы дамушы елдердің валюталарына қысым жасай отырып, инвесторлардың қорғаныш активтеріне деген сұранысын арттырды.

Әлемдегі инфляция перспективаларына байланысты нарықтардағы жоғары белгісіздік АҚШ-тың мемлекеттік облигацияларына сұраныс өсуіне және тиісінше олардың кірістілігі төмендеуіне әкелді (10-график).

3 тоқсанның екінші жартысында эпидемиологиялық жағдайдың тұрақтануына қарамастан, нарыққа қатысушылардың ФРЖ-ның QE бағдармасын қысқарту бойынша күшейген күтулері біруақытта дамушы елдердің валюталарына қысым көрсете отырып, АҚШ долларын қолдады. Қыркүйектің соңына қарай Қытайдың Evergrande Group ірі құрылыс компаниясының қаржылық проблемаларына байланысты ықтимал жүйелік тәуекелдерге қарай EM үшін теріс ая күшейді.


Коронавирустың дельта штамы таралуы, Қытайда экономикалық белсенділіктің баяулауы және дамыған елдердің ОБ экономиканы қолдау бағдарламаларын қысқарту туралы сигналдары тамыздың жекелеген күндерінде мұнай бағасын 3 айда алғаш рет бір баррелі үшін 66 АҚШ долларынан төмен түсіріп, мұнай нарығына қысым көрсетті (11-график).

10-график. АҚШ МБҚ кірістілігі (%), СФР валюталары және АҚШ долларының индексі (31.12.2019ж. = 100)



Дереккөзі: Refinitiv, ҚРҰБ есептеулері

11-график. Brent мұнайы бағасының, Ресей рублінің және теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамының серпіні (31.12.2019ж. = 100)



Дереккөзі: Refinitiv, ҚРҰБ есептеулері

АҚШ-та қорлар төмендеуіне байланысты шектеулі ұсыныс және табиғи газ тапшылығына байланысты энергия ресурстарына өсіп келе жатқан сұраныс мұнайға баға белгілеу 3 тоқсанның соңына қарай соңғы 3 жылда алғаш рет бір баррелі үшін 80 доллардан өсуіне және осы деңгейде тұрақтануына мүмкіндік берді. Мексика шығанағындағы өндірудің баяу қалпына келуі нарыққа қосымша қолдау көрсетті.

Қайталама нарықта американдық инвесторлар үшін мемлекеттік қарызды сатып алуға шектеулер енгізу қаупіне және бюджеттік қағидалар аясында РФОБ шетел валютасын сатып алуы операцияларына қарамастан, Ресей рублі бір АҚШ доллары үшін 72,75 рубльге дейін 0,5%-ға нығайды. Мұнай мен газдың жоғары бағасы, сондай-ақ РФОБ мөлшерлемені тамызда 5,5%-дан 6,5%-ға дейін және 2021 жылғы қыркүйекте 6,75%-ға дейін көтеруі осыған ықпал етті.

Б) Ішкі валюта нарығындағы жағдай


Ішкі валюта нарығында Қазақстанда іскерлік белсенділіктің қалпына келуі, импорттың өсуі, жалғасып келе жатқан фискалдық ынталандыру және зейнетақы жинақтарын пайдалану аясында шетел валютасына сұраныстың артуы айқынды мәнде болды.

Валютаға деген жоғары сұраныс валюталық операциялардың көлемі өсуіне ықпал етті. 2021 жылғы 3-тоқсанда биржалық және банкаралық сегменттерде операциялардың жалпы көлемі 38,9 млрд АҚШ долларын құрады, бұл 2021 жылғы 2-тоқсандағы көрсеткіштен 2,6%-ға немесе 1,0 млрд АҚШ долларына жоғары (2020 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда 16,4%-ға жоғары).

Дамушы нарықтардан қаражат айтарлықтай әкетілуіне қарамастан, бейрезиденттердің Қаржыминнің МБҚ-на және ҚР ҰБ ноталарына салымдарының деңгейі 3-тоқсанның соңында 789 млрд теңге болып, елеулі өзгерістерге ұшырамады (бір тоқсанда 0,4%-ға немесе 3 млрд теңгеге төмендеді), бұл теңге бағамына қолдау көрсетті.


Валюта нарығының теңгерімділігі республикалық бюджетке кепілді трансферттерді қамтамасыз ету үшін шетел валютасын конвертациялау операцияларымен (бір тоқсанда 2,9 млрд АҚШ доллары немесе 17,7%-ға өсті т/т, 2020 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда – 23,7%-ға өсті), сондай-ақ шикізат компанияларының экспорттық валюталық түсімдерін сатуымен қамтамасыз етілді (12-график).

12-график. Биржалық нарықтағы сауда-саттық көлемі, валютаны ҰҚ-дан конвертациялау




Дереккөзі: ҚРҰБ

13-график. Биржадағы теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамының құбылмалылығы, %




Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ есептеулері

14-график. Биржалық валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі




Дереккөзі: Refinitiv, ҚҚБ

15-график. Мәмілелер түрі бойынша валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі




Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ

16-график. Биржалық валюталық своптар бойынша мәмілелер



Дереккөзі: ҚҚБ

17-график. Банкаралық валюта нарығындағы KZT/USD валюта жұбымен сауда-саттық көлемі



Дереккөзі: ҚРҰБ

Нәтижесінде 2021 жылғы 3-тоқсанның қорытындысы бойынша теңгенің АҚШ долларына қатысты биржалық бағамы биылғы жылғы маусымның соңындағы 427,31 теңгеден 425,75 теңгеге дейін 0,4%-ға нығайды.

В) Биржалық валюта нарығындағы операциялар

Іргелі факторлардың әртүрлі бағыттағы өзара реттеу сипаты жағдайында теңге құнының АҚШ долларына қатысты құбылмалылығының амплитудасы 2021 жылғы 3-тоқсан ішінде шағын болды (13-график).

Көптеген сауда күндерінде USD/KZT жұбының ашылу бағасының жабылу бағасынан асып кетуі байқалды (жасыл шамдар) (14-график).

Бұл ретте, тоқсанның соңына қарай теңгенің әлсіреуі жиілеп кеткен сауда сессиялары байқалды (қызыл шам).

Спот және своп операцияларын қоса алғанда, биржалық нарықтағы сауда-саттықтың жалпы көлемі 13,7 млрд. АҚШ долларын құрады, бұл алдыңғы тоқсаннан 3,8%-ға жоғары (2020 жылғы ұқсас тоқсаннан 24,8%-ға жоғары) (15-график).

Своп нарығында дәстүрлі түрде 1 күндік, 2 күндік және 1 айлық валюталық своптар бойынша операциялар жүргізілді. 1 күндік валюталық своптар бойынша мәмілелер көлемі алдыңғы тоқсанға қарағанда 1%-ға шамалы ұлғайып, 2,7 млрд АҚШ долларын құрады (2020 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда 26,3%-ға жоғары), 2 күндік валюталық своптар бойынша 2,0 млрд АҚШ долларына дейін 4,2%-ға қысқарды (2020 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда 18,5%-ға жоғары). Валюта нарығының қатысушылары арасында аз талап етілетін құрал 1 айлық своптар бойынша мәмілелер көлемі 450 млн АҚШ долларын құрады (16-график).

Г) Биржадан тыс валюта нарығындағы операциялар (банкаралық валюта нарығы)


Банкаралық валюта нарығында спот мәмілелерінің көлемі 30,3 млрд АҚШ долларына дейін 2,8%-ға ұлғайды, оның ішінде бір еншілес банктің меншікті капиталды валюталық тәуекелдерден хеджирлеу операцияларының көлемі 20,4 млрд АҚШ долларын немесе 67,4%-ды құрады. Бұл операциялар теңгенің айырбастау бағамының қалыптасуына әсер етпей, банк тобының ішінде жүргізілді (17-график).

Жекелеген банктің меншікті капиталын хеджирлеу мәмілелерін қоспағанда, банкаралық валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі есепті тоқсанда 9,9 млрд АҚШ долларына дейін 10,2%-ға ұлғайды.

Д) Жеткізілімсіз валюталық форвардтар нарығы


Жеткізілімсіз валюта форвардтарының (NDF) доллар-теңге жұбы бойынша баға белгілеуі баяу өрлемелі серпінді көрсетті. Теңгенің АҚШ долларына биржалық бағамымен NDF спреді осы жылғы 3-тоқсанда алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда нарықтың кәсіби қатысушыларының теңгенің әсіресе 1 жылға қарағанда 3 айға дейінгі уақыт аралығында әлсіреуі бойынша күтуінің өсуі туралы біліктіліктің өсуі аясында алдыңғы тоқсанға қарағанда 43,5%-ға (2020 жылғы ұқсас кезеңге қарағанда - 19,3%-ға) ұлғайып, 811,6 млрд. теңгеге баламалы сомаға қолма-қол шетел валютасын сатып алды (19-график).

18-график. NDF спредтері, жылдық %



Дереккөзі: ҚҚБ, Refinitiv, ҚРҰБ есептеулері

19-график. Халықтың шетел валютасын нетто сатып алуы/сатуы



Дереккөзі: ҚРҰБ


Е) Қолма-қол шетел валютасы нарығы

2021 жылғы 3-тоқсанда халық іскерлік және тұтынушылық белсенділіктің өсуі аясында алдыңғы тоқсанға қарағанда 43,5%-ға (2020 жылғы ұқсас кезеңге қарағанда - 19,3%-ға) ұлғайып, 811,6 млрд. теңгеге баламалы сомаға қолма-қол шетел валютасын сатып алды (19-график).

2021 жылғы шілде-қыркүйекте халық АҚШ долларын сатып алуды жөн көрді – жалпы шығыстардың 63,1%-ы. Қолма-қол шетел валютасын жиынтық нетто-сатып алу құрылымындағы Ресей рублінің үлесі 24,1% , еуро – 12,3% болды.

1-бокс. Жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу

2021 жылғы 3-тоқсан ішінде дамушы елдердің теңгенің ресми бағамымен салыстырғанда АҚШ долларына қатысты көлемдер тұрғысынан неғұрлым саудаланатын валюталары бағамдарының серпіні былайша қалыптасты:



Индонезия рупиясы шетелдік қорлардың елдің облигациялары мен акцияларына құйылуы және сауда балансының жақсаруы аясында 1,3%-ға (14 500-ден 14 313-ке дейін) нығайды.

3-тоқсанда Ресейдің биылғы операциялар шотының рекордтық профицитіне (40,8 млрд АҚШ доллары, Bloomberg консенсус-болжамынан 32 млрд АҚШ долларына айтарлықтай асып түсті) алып келген энергия тасымалдағыштарға (мұнай мен газға) бағаның өсуі аясында **Ресей рублі** қаралып отырған кезеңде 0,5%-ға (73,15-тен 72,75-ке дейін) нығайды.

Шетелдік портфельдік инвестициялар ағынының жалғасуы **үнді рупиясына** оң әсер етті. Тоқсанның аяғында валюта мұнай нарығының өсуі аясында қысымға ұшырады. Үнді рупиясының теріс үрдісіне қазынашылық облигациялар кірістілігінің өсуі аясында АҚШ долларының нығаюы да ықпал етті. Тоқсанның қорытындысы бойынша үнді валютасы 0,1%-ға (74,33-тен 74,24-ке дейін) аздап нығайды.

Түрік лирасы орталық банктің ақша-кредит саясатын жеңілдету бойынша күтпеген шешімі аясында 2,1%-ға (8,71-ден 8,89-ға дейін) әлсіреді. Жоғары инфляция кезінде пайыздық мөлшерлеменің (18%-ға дейін 100 б.т.) төмендеуі инвесторлардың орталық банктің тәуелсіздігіне қатысты алаңдаушылығын туғызды.

Мексика песосының 3,5%-ға (19,94-тен 20,64-ке дейін) әлсіреуі негізінен АҚШ-тың экономикалық өсуінің қалпына келуіне және АҚШ-тың ФРЖ ынталандыруларының қысқаруын күтуге байланысты. АҚШ-тың қазынашылық кірістілігінің артуы және доллардың жүйелі түрде нығаюы Мексика валютасына қысым көрсетті.

3-тоқсанда **Оңтүстік Африка рандының** серпіні жоғары құбылмалылыққа ұшырады, қаралып отырған тоқсанның қорытындылары бойынша 5,5%-ға (14,29-дан 15,07-ге дейін) әлсіреді. Егер тамызда Оңтүстік Африка валютасы 2021 жылдың соңына дейін активтерді сатып алуды қысқартуға дайын екендігі туралы АҚШ ФРЖ шілдедегі отырысының жарияланған хаттамасы аясында әлсіреген болса, қыркүйектің басында ол сауда балансының жақсаруына байланысты әлсіреуді қайтарды (тамызда Оңтүстік Африка рандының 42,4 миллиардқа дейін, сарапшылардың болжамынан жоғары). Тоқсанның соңына қарай валюта бөлшек сауда бойынша деректердің нашарлауы (оң болжамдар кезінде 1,3 п.т. төмендеу) және АҚШ ФРЖ ынталандыруларының қысқаруына қатысты алаңдаушылықтар аясында тағы да қысымға ұшырады.

Бразилия реалы 2022 жылғы сайлау қарсаңындағы саяси шиеленіске, сондай-ақ инвесторлардың елдің фискалдық және борыштық тұрақтылығына қатысты алаңдаушылығына байланысты қысымнан 9,5%-ға (4,97-ден 5,44-ке дейін) әлсіреді. Бразилия орталық банкінің базалық мөлшерлемені 6,25%-ға (1п.т.) дейін көтеруіне қарамастан, қазынашылық облигациялар кірістілігінің өсуі, China Evergrande борыштық дағдарысының әсеріне қатысты алаңдаушылықтардан жаһандық тәуекел дәрежесінің төмендеуі аясында АҚШ долларының нығаюы да теріс үрдіске ықпал етті.

III. ҚОР НАРЫҒЫ

III. Қор нарығы

Базалық мөлшерлеменің көтерілуі аясында кірістілік қисығы қысқа мерзімде өсті. Барынша ұзақ мерзімде кірістілік қисығы ҚР Қаржыминінің орта мерзімді және ұзақ мерзімді МБҚ-ға жоғары сұраныс аясында биылғы жылғы 2-тоқсанның соңындағы деңгейден төмен төмендеді.

Бағалы қағаздардың корпоративтік нарығында орналастыру өскен кезде МБҚ нарығында орналастыру қысқарды.

Қазақстандық акциялар нарығы шикізат бағаларының өсуі және энергетикалық және қаржы секторларының эмитенттерін қолдаған оң корпоративтік есептер аясында кезекті тарихи ең жоғары көрсеткіштерге жетті.

А) Мемлекеттік бағалы қағаздар

Базалық мөлшерлеменің 2021 жылғы шілде-қыркүйекте 9,5%-ға дейін көтерілуі аясында орта мерзімді және ұзақ мерзімді уақыт аралығында кірістіліктің төмендеуі кезінде 4 жылға дейінгі қысқа сегментте тәуекелсіз кірістілік қисығының өсуі байқалды (21-график).


Атап айтқанда, 2021 жылғы маусымның соңынан бастап 2021 жылғы қыркүйектің соңына дейін өтеу мерзімі 1 жылдан 3 жылға дейінгі қысқа сегментте ҚР Қаржыминінің МБҚ кірістілігі орта есеппен 31,7 б.т. өсті, өтеу мерзімі 4 жылдан 10 жылға дейінгі – орта есеппен 20,2 б.т., 10 жылдан астам – 58,3 б.т. төмендеді (22-график).

Қысқа сегменттегі кірістіліктің өсуі де ҚР Қаржыминінің бағалы қағаздар ұсынысының төмендеуіне қарамастан, нарыққа қатысушылар тарапынан ҚР Қаржымині МБҚ-ға сұраныстың қысқаруын көрсетті. Есепті тоқсанда 4 жылға дейінгі мерзіммен ҚР Қаржымині МБҚ-ға ұсынысқа орташа сұраныс 2-тоқсандағы 222%-дан 2021 жылғы 3-тоқсанда 123%-ға дейін төмендеді.

Орта мерзімді және ұзақ мерзімді сегменттерде кірістілік қисығының төмендеуі өтеу мерзімі 4 жылдан асатын МБҚ-ға сұраныстың өсуі аясында болды. 4 жылдан астам мерзіммен ҚР Қаржымині МБҚ ұсынысқа орташа сұраныс 2-тоқсандағы 72%-дан 2021 жылғы 3-тоқсанда 87%-ға дейін өсті.


2021 жылжы 3-тоқсанда шетелдік инвесторлар ҚРҰБ ноталарына инвестицияларды 71,8 млрд теңгеге қысқарта отырып, ҚР Қаржымині МБҚ-ға өз салымдарын 69 млрд теңгеге ұлғайтты

21-график. Тәуекелсіз кірістілік қисығы




Дереккөзі: ҚРҰБ, ҚҚБ

22-график. 1 жылдан 15 жылға дейінгі ҚР Қаржыминінің МБҚ орташа кірістілігі және олардың өзгеруі



Дереккөзі: ҚРҰБ, ҚҚБ

23-график. Бейрезиденттердің ҚР Қаржыминінің МБҚ және ҚРҰБ ноталарына көлемі, млрд теңге




Дереккөзі ҚРҰБ, БҚОД

24-график. МБҚ нарығындағы мәмілелер көлемі, млрд теңге




Дереккөзі: ҚРҰБ, ҚҚБ

25-график. Қаржымині мен АҚМ-ның МБҚ орналастыру, млрд теңге




Дереккөзі: ҚРҰБ, ҚҚБ

26-график. Корпоративтік облигациялар нарығындағы мәмілелер көлемі, млрд теңге



Дереккөзі: ҚҚБ

27-график. Бастапқы нарықта орналастыру үлесі



Дереккөзі: ҚҚБ

(23-график). Қазақстанның МБҚ ұстаушы бейрезиденттерінің жиынтық портфелі Clearstream (211,9 млрд теңге) арқылы ұсынылған қолжетімділік пен тартымды мөлшерлемелер аясында жыл басынан бері 1,8 есеге ұлғайып, 788,6 млрд теңгеге жетті.

2021 жылғы 3-тоқсанда МБҚ-ның бастапқы нарығында орналастыру көлемі 592,4 млрд теңгені құрады (2-тоқсанмен салыстырғанда 19,4%-ға өсу, бірақ 2020 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда 1,8 есе аз) (24-график). ҚР Қаржы министрлігі 10,07%-10,81%-бен 581,2 млрд теңге тартты (2-тоқсанға қарағанда 32%-ға артық, бірақ 2020 жылғы 3-тоқсанға қарағанда 1,4 есе аз) (24-график).

2021 жылғы 9 айдың қорытындысы бойынша ҚР Қаржыминінің МБҚ орналастыру жылдық жоспардан 2,2 трлн теңге мөлшерінде 1,7 трлн теңгені құрады (25-график). Биылғы жылғы

3-тоқсанда ҚР Қаржымині МБҚ шығарылымының жоспарлы көлемінен 99% немесе 571,2 млрд теңгеге орындалды (577,3 млрд теңге). МБҚ бастапқы нарығындағы негізгі қатысушы-инвесторлар екінші деңгейдегі банктер, институционалдық инвесторлар және заңды тұлғалар болды.

Есепті тоқсанда 2 облыстың және 1 республикалық маңызы бар қаланың әкімдіктері 21,2 млрд теңге сомасына орналасты (өткен тоқсанмен салыстырғанда 2,5 есе жоғары, бірақ 2020 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда 11 есе аз). Жамбыл және Ақмола облыстарының әкімдіктері мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде тұрғын үй құрылысын қаржыландыру мақсатында тиісінше жылдық 4,25%-бен тиісінше 4,3 және 1,9 млрд теңге тартты. Алматы қаласының әкімдігі бюджет тапшылығын қаржыландыру мақсатында жылдық 9,9%-бен 15 млрд теңге тартты.

МБҚ-ның қайталама нарығында мәмілелер көлемі 142,9 млрд теңгені құрады, бұл өткен тоқсанмен салыстырғанда 1,9 есе көп (2020 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда 1,8 есе көп).

Б) корпоративтік облигациялар нарығы

Корпоративтік облигациялар нарығындағы сауда көлемі 2021 жылғы 3-тоқсанда 472,2 млрд теңгені құрады, бұл өткен тоқсанмен салыстырғанда 1,9 есе жоғары және 2020 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда 7,5% жоғары (26-график).


Тартудың негізгі үлесі «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ (ҚОҚ) (36,8% немесе 79,7 млрд теңге), «Bank RBK» банкі» АҚ (23,1% немесе 50,1 млрд теңге) және «ҚазАгроҚаржы» АҚ (ҚАҚ)

(18,5% немесе 40 млрд теңге) (27-график) тиесілі болды.

ҚҚБ, екінші деңгейдегі банктер және квазимемлекеттік сектор орналастыру көлемі бойынша көшбасшылар болып қалуда. Эмитенттер арасында орта мерзімді міндеттемелерді шығару үрдісі сақталды. Есепті тоқсанда міндеттемелерді шығару үрдісі 1 жылдан 3 жылға дейін байқалды. Ең ұзақ корпоративтік облигациялар «RG Brands Kazakhstan» ЖШС-мен 10 жыл мерзімге және «ҚазАгроҚаржы» АҚ-мен 7,9 жыл мерзімге шығарылды (28-график).

Кірістілігі орташа нарықтық мәндерден айтарлықтай ерекшеленетін жекелеген облигациялар шығаруды қоспағанда, орналастырылған облигациялар бойынша мөлшерлемелер 9,7-14,5% арасында өзгерді (29-график). KASE_BMY индексі есепті тоқсан қорытындысы бойынша 0,2 п.т. 10,29-ға дейін төмендеді.

28-график. Корпоративтік облигацияларды бастапқы нарықта орналастырудың уақыт шегі



Дереккөзі: ҚҚБ

В) Акциялар нарығы

2021 жылғы 3-тоқсанның басында халықты вакцинациялау қарқынының одан әрі өсуі, жетекші реттеушілердің ынталандырушы ақша-кредит саясатын сақтауымен қатар бірқатар елдерде экономиканың қалпына келуі инвесторлардың көңіл-күйіне оң әсерін тигізді және негізгі жаһандық акциялар нарықтарының өсуіне алып келді.


Есепті тоқсанда әлемдік қор биржалары тарихи максимумдарды жаңартуды жалғастырды: S&P 500 (АҚШ) 4 536,95 тармаққа, Eurostoxx (еуроаймақ) – 4 246,13 тармаққа, MOEX (Ресей) – 4 103,52 тармаққа (30-кесте) жетті.

Биылғы жылғы қыркүйекте дамыған елдерде ақша-кредит талаптарының барынша ертерек қатаңдауын күтулер бірқатар елдерде қор индекстерінің төмендеуіне алып келді.

KASE индексі өзінің тарихи ең жоғарғы шегін 16 қыркүйекте жаңартып, 3 442,03 тармаққа жетті (31-график). Есепті кезеңде өсу 1,2%-ды құрады.


KASE индексінің құрылымында ең жоғарғы шегін жаңарта отырып, жай акциялары 18,1%-ға өскен (16 қыркүйекте бір данасы үшін 17 585 теңге) «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ энергетикалық сектордың көшбасшысы болды. Бұған ірі уран кеніштеріндегі локдаундарға байланысты әлемдік уран ұсынысының төмендеуі, компанияның оң жылдық қаржылық көрсеткіштері және жоғары дивидендтер ықпал етті. Сонымен қатар, «жасыл» экономикаға көшу аясында АҚШ, Қытай, Ресей және Еуропаның атом энергетикасына үндеуі осы сектордың перспективаларын күшейтті.

29-график. Эмитенттердің 2021 жылғы 3-тоқсандағы жылдық кірістілігі




Дереккөзі: ҚҚБ

30-гарфик. Басқа елдердің қор биржаларының және KASE индекстері (2019 ж. желтоқсан=100)



Дереккөзі: ҚҚБ, Thomson Reuters

31-график. KASE индексі және құрамдастар (2019 желтоқсан=100)



Дереккөзі: ҚҚБ, Thomson Reuters

32-график. Акциялар нарығындағы сауда-саттық көлемі



Дереккөзі: ҚҚБ

KEGOC акциялары тоқсанды бір данасы 1 873 теңге деңгейінде жауып, 7,2%-ға өсті.

Қаржы секторы оң есептілік аясында өсу көрсетті. «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың және «Қазақстан халық жинақ банкі» АҚ-тың акциялары тиісінше 19,7%-ға және 8,6%-ға өсті. «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың акциялары жариялылық тарихында бір данасы үшін 305,9 теңге жоғары деңгейге жетті.

«Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ акциялары бағасының өсуі жарияланған оң қаржылық есептілікпен расталған нарықтың күтулеріне байланысты (тоқсанның жабылуы бір данасы үшін 182,52 теңге деңгейінде).

Байланыс саласында Қазақтелеком жарияланған жартыжылдық есептілікке сәйкес түсімнің 15%-ға ұлғаюы аясында 10,2%-ға өскенін көрсетті. Бұл ретте, Кселл-де LSE және AIX-тегі делистинг аясында теріс өсу (-43,5%), сондай-ақ жаһандық депозитарлық қолхаттардың бұрынғы ұстаушылары тарапынан айтарлықтай ұсыныс қалыптасты.

Акциялар нарығын капиталдандыру «Kaspi.kz» АҚ жай акциялары бағасының өсуі және мәмілелердің қайта басталуы нәтижесінде 28,9 трлн теңгеге дейін 44,2%-ға ұлғайды.

3-тоқсанда акциялар нарығындағы сауда-саттық көлемі өткен жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 22,8%-ға артып, 112,6 млрд теңге болды, ал 2021 жылғы 2 тоқсанмен салыстырғанда биылғы жылғы қыркүйекте сауда-саттықтың рекордтық көлеміне жетіп, 4 есеге артты (32-график).

Акциялар нарығындағы жекелеген инвесторлардың белсенді шоттарының орташа саны 3-тоқсанда 8 262 болды, бұл алдыңғы тоқсаннан 1,4%-ға төмен және былтырғы жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 2,4 есе көп.

IV.

ДЕПОЗИТ НАРЫҒЫ

IV. Депозит нарығы


Зейнетақыдан бөлінген қаражатты алу процесінің біртіндеп аяқталуына қарай депозиттік ұйымдардағы депозиттердің өсу қарқыны бәсеңдеді. Валюталық депозиттерге қарағанда теңгедегі депозиттердің айтарлықтай өсуі депозиттерді долларландырудың ары қарай 36,2%-ға дейін төмендеуіне әкелді.

А) Кредиттік мөлшерлемелер

2021 жылғы 3-тоқсанда депозиттердің жылдық көрсеткіш бойынша өсу қарқыны (алдыңғы тоқсандағы 26,5%-дан) 21%-ға дейін бәсеңдеді. Теңгедегі депозиттердің өсудегі үлесі азая бастағанымен, олар жүйедегі қорландырудың өсуіне ықпал етіп келеді.

Есепті тоқсанда теңгедегі салымдардың өсу қарқыны халықтың зейнетақы жинақтарын ішінара пайдалану барысының әлсіреуіне байланысты қалыпына келді. Мысалы, бір тоқсан ішінде халықтың теңгедегі салымдары алдыңғы тоқсандағы 8,3%-бен салыстырғанда 2,1%-ға ұлғайды (бір жыл ішінде 35,4%-ға өсті) (33-график).

33-график. Депозиттердің өсуіне құрамдас бөліктерінің қосқан үлесі, %-бен, ж/ж




Дереккөзі: ҚРҰБ, ҚДКҚ

Бизнес субъектілерін жеңілдікпен кредиттеу бағдарламаларын іске асыруды жалғастыру аясында корпоративтік сектордың теңгедегі салымдары тоқсан ішінде 6,2%-ға (26,2%) ұлғайып, өсуін жалғастырды.

Валюталық салымдар валюта нарығындағы салыстырмалы жағдай аясында тоқсан ішінде біршама өсті. Осы жылғы наурыздан бері байқалған корпоративтік сектордың валюталық салымдардың өсу үрдісі баяулады.

Жалпы депозиттік портфельдің өсуі 2021 жылдың басынан бастап 17,1% болды, бұл 2020 жылғы ұқсас кезеңнен 4,7 п.т. жоғары. 2015 жылы өсудің салыстырмалы қарқыны байқалды (2015 жылғы 9 ай ішінде 22%.) (34-график).

34-график. Депозиттік портфельдің құрылымы, трлн теңге



Дереккөзі: ҚРҰБ

Халықтың өз қаражатын қосымша көздерге салуға қызығушылығының арту үрдісі жалғасты. ҚҚБ деректеріне сәйкес, 2021 жылғы 9 айда жеке шоттардың саны (196,6 мыңға дейін) 60 мыңнан аса артты. Бұл ретте жекелеген инвесторлардың саны төмен болып қалып отыр (2021 жылғы қыркүйекте Қазақстанның жұмыспен қамтылған халқының 2,2%-ы).

Жалпы, депозиттер халықтың ең танымал жинақ құралы болып қала береді. Мәселен, ҚДКК банктермен бірлескен сауалнамасына сәйкес елдің 128 елді мекендегі 2 773 респонденттің 92%-ға жуығы қаражатты орналастыру құралы ретінде депозиттерді таңдайды.

Б) Депозиттік мөлшерлемелер

Базалық мөлшерлеменің артуынан кейін биылғы жылғы шілдеден бастап корпоративтік сектордың теңгедегі салымдары бой-


ынша мөлшерлемелер бірқалыпты өсіп келеді. Тарту үлесі неғұрлым жоғары 1 айға дейінгі салымдар бойынша мөлшерлемелер 7,2%-7,3%-дан 7,2%-7,4%-ға дейін ұлғайды. 1 айдан 3 айға дейінгі салымдар бойынша 7,0% -7,5%-дан 7,5%-7,6%-ға дейін (2020 жылғы 3 тоқсанда 7,9%-8,5%) ұлғайды. 3 айдан 1 жылға дейінгі салымдар бойынша 7,0%-7,2%-дан 7,3-7,4%-ға дейін (2020 жылғы 3-тоқсанда 7,7%-7,9%) ұлғайды.

Жеке сегментте тарту үлесі неғұрлым жоғары (3 айдан 1 жылға дейін және бір жылдан 5 жылға дейін) мерзімді теңгедегі салымдар «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ тарапынан белгіленген ең жоғары ұсынылатын мөлшерлемелерді ескере отырып, төмендегенін көрсетті. 3 айдан 1 жылға дейінгі мерзімі бар қысқа мерзімді салымдар құнының 8,6%-8,9%-дан 8,3%-8,6%-ға дейін (2020 жылғы 3 тоқсанда 9,7%-9,9%) төмендеді. Бір жылдан 5 жылға дейінгі салымдар бойынша мөлшерлемелер 8,9%-9,5%-дан 8,7%-8,8%-ға дейін (2020 жылғы 3-тоқсанда 10,2%) төмендеді.

В) Депозиттерді долларландыру

2021 жылғы 3 тоқсанның соңында депозиттерді долларландыру 2021 жылғы 2 тоқсанның аяғынан бастап корпоративтік әрі жеке салымдар бойынша төмендеді (35-график).

35-график. Депозиттерді долларландыру, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

Бұл ретте, егер жеке тұлғаларды долларландырудың төмендеуі биылғы жылдың басынан басталған үрдістің жалғасы болса, ал корпоративтік сектор бойынша бұл долларландырудың өсу үрдісін тоқтатты. Мысалы, бизнестің валюталық салымдарының үлесі биылғы жылғы маусымда 39,1%-дан 38,0%-ға дейін (2020 жылғы желтоқсанда 36,2%, 2020 жылғы қыркүйекте 40,5%) төмендеді.

Халықтың салымдарын долларландыру деңгейі осы жылғы маусымдағы 34,7%-дан 34,3%-ға дейін (2020 жылғы желтоқсанда 38,4%, 2020 жылғы қыркүйекте 41,3%) біртіндеп төмендей келеді. Халықтың депозиттерін долларсыздандыру шағын және орта салымдар сегментінде жүреді. Шоттағы көлемі 10 млн теңгеге дейінгі депозиттерді долларландыру деңгейі 16%, 50 млн теңгеге дейін 20% болады. Осы сегменттегі долларландырудың төмен деңгейі жоғары кірістілік кезінде валюталық (5 млн теңге) салымдармен салыстырғанда теңгедегі салымдар бойынша (10 млн теңгеден 15 млн теңгеге дейін) кепілдіктің жоғары деңгейіне негізделген.

ҚДКҚ сауалнамасына сәйкес банк салымшыларының 63% қазақстандықтарға арналған жинақтарды қорғау туралы заңнамалық құқық туралы біледі.

Ірі салымдар сегментінде (50 млн теңгеден астам) долларлану деңгейі депозиттердің жалпы долларлану мөлшерінен 2 есе асып түседі.

Нәтижесінде долларландырудың жалпы деңгейі биылғы жылғы маусымнан бастап 2020 жылғы желтоқсандағы 37,3%-дан (2020 жылғы қыркүйектегі 40,9%) төмендеп, 36,2% деңгейінде қалыптасты.

V. КРЕДИТ НАРЫҒЫ

V. Кредит нарығы

Базалық мөлшерлеменің артуынан кейін корпоративтік және жеке секторға берілетін кредиттердің құны 3-тоқсанда бірқалыпты өсті. Экономикадағы іскерлік белсенділікті қалпына келтірудің жалғасуы барлық салаларда корпоративтік секторға жаңадан берілген кредиттер көлемінің өсуіне ықпал етті. Тұтынушылық қарыздар серпіні болып қала беретін жаңа жеке қарыздар жалпы кредиттердің өсуіне салынатын салымды сақтады. Ипотекалық кредиттер тұрғын үйге сұраныстың өсуі аясында өсіп кетті.

А) Кредиттік мөлшерлемелер

3-тоқсанның соңында ұлттық валютамен берілген кредиттердің құны базалық мөлшерлеменің өсуі аясында көтерілді (36-график). Осыған қарамастан, корпоративтік секторға берілген кредиттер бойынша орташа сараланған мөлшерлеме өткен жылғы 3-тоқсанға қарағанда (12,0%) 11,7% деңгейінде төмен тұр.

Баспана Хит бағдарламасын тоқтату есебінен жеңілдікті мөлшерлеме бойынша ипотекалық қарыздар үлесінің қысқаруының басталуы ипотекалық кредиттер бойынша орташа өлшемделген мөлшерлемелердің 8,0%-ға дейін 0,5 п.т. өсуіне ықпал етті.

Бұл ретте тұтынушылық мақсаттарға берілген кредиттер бойынша мөлшерлемелердің 2020 жылғы 3-тоқсандағы 20,7%-дан 2021 жылғы 3-тоқсанда 19,2%-ға дейін төмендеуі байқалды.

Жалпы, халыққа берілетін кредиттер бойынша орташа алынған мөлшерлеме 2021 жылғы 3 тоқсанда өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 17,6%-ға дейін 0,5 п. т. өсті.


Б) Берілген жаңа кредиттер

Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,5 есеге ұлғайып, тоқсан ішінде жаңа берілген кредиттер көлемі 5,6 трлн теңгені құрады (35-график).

Халыққа берілетін кредиттер жылдық көрсеткіш бойынша екі есе артып, өсімнің басты қозғаушы күшіне айналып отыр (37-график).


Тұтынушылық мақсаттарға жаңа кредиттер беру жеке кредиттеудің өсуіне негізгі үлесті қосты, ол жылдық көрсеткіш бойынша 2 еседен астам өсті (38-график). Бірқатар банктердің маркетингтік акцияларының жалғасуы және тұтынушылық сұраныстың қалпына келуі аясында пайыздық мөлшерлеме-

36-график. Берілген кредиттер бойынша мөлшерлемелер




Дереккөзі: ҚРҰБ

37-график. Берілген жаңа кредиттер




Дереккөзі: ҚРҰБ

38-график. Жеке тұлғаларға берілген кредиттер




Дереккөзі: ҚРҰБ

39-график. Берілген ипотекалық қарыздардың медианасы және орташа сомасы




Дереккөзі: ҚРҰБ

40-график. Салалар бойынша бизнеске берілген кредиттер




Дереккөзі: ҚРҰБ

41-график. Кредиттеу объектілері бойынша бизнеске берілген кредиттер




Дереккөзі: ҚРҰБ

42-график. Нетто-кредиттеу



Дереккөзі: ҚРҰБ

43-график. ЕДБ кредиттік портфелінің өсу серпіні



Дереккөзі: ҚРҰБ

лердің төмендеуі осы қарыздарға сұранысты арттырды.

Зейнетақы қаражатын алу қарқынының баяулауына қарамастан ипотекалық қарыздарға жоғары сұраныс сақталды. Жаңа ипотекалық қарыздар беру өткен жылдың сәйкес кезеңінің көлемінен 1,5 есе асып түсті. Сондай-ақ тұрғын үй бағасының одан әрі өсуі аясында ипотекалық шарттар бойынша берілген кредиттердің орташа сомасының одан әрі ұлғаюы байқалды (39-график).

Іскерлік белсенділіктің қалпына келуі аясында 2021 жылдың 3-ші тоқсанында кәсіпорындарға жаңадан берілген кредиттер көлемі өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 19,5%-ға ұлғайды (40-график).

Барлық салаларда жаңа кредиттер берудің өсуі тіркелді. Өсімнің басты драйвері өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 23,5%-ға өскен сауда болып табылады. Өнеркәсіпте берілген кредиттердің өсуі 8,4%-ды құрады (38-график).

Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жаңадан берілген кредиттердің өсуі өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 20,5%-ды құрады.

Бизнеске берілген кредиттердің негізгі көлемі айналым қаражатын толықтыруға бағытталған (78,2%), ол 18,2%-ға ұлғайды. Объектілерді салуға және қайта жаңартуға кредиттер берудің 46,4%-ға, негізгі қорларды сатып алуға – 61,7%-ға өсуі байқалды (41-график).

В) Нетто-кредиттеу және ЕДБ кредиттік портфелі

2021 жылғы 3-тоқсанда жаңа берілген және өтелген кредиттер арасындағы айырмашылық жеке және заңды тұлғаларды ұлттық валютамен нетто-кредиттеудің өсуі есебінен оң қалыптасты (42-график).

Жеке тұлғаларға ұлттық валютамен нетто-кредит берудің өсуі бөлшек кредит берудің басты драйвері болып табылатын тұтынушылық мақсаттарға берілген кредиттердің өсуімен түсіндіріледі.

Таза кредиттеудің өсуі есебінен жиынтық кредиттік портфельдің көлемі (банк кредиттері бойынша берешектің қалдығы) есепті тоқсанның соңына қарай жылдық мәнде 18,3%-ға ұлғайып, 17,0 трлн теңгені құрады (жыл басынан бері – 16,0%-ға, есепті тоқсанда – 7,9%-ға өсті) (43-график).

НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН ҰҒЫМДАР

Аударылатын депозиттер – бұл барлық депозиттер, оларды: 1) кез келген уақытта номиналы бойынша айыппұлсыз және шектеусіз ақшаға айырбастауға болады; 2) олар чек, тратта немесе қомақты-тапсырмалар арқылы еркін аударылады; 3) төлемдерді жүзеге асыру үшін кеңінен пайдаланылады. Аударылатын депозиттер тар ақша массасының бөлігі болып табылады. Басқа депозиттерге, негізінен, белгілі бір уақыт өткеннен кейін ғана алынуы мүмкін немесе оларды қарапайым коммерциялық операцияларда пайдалану үшін ыңғайлы етпейтін және негізінен жинақтау механизмдеріне қойылатын талаптарға жауап беретін әртүрлі шектеулер бар жинақ және мерзімді депозиттер жатады. Бұдан басқа, басқа депозиттерге аударылмайтын салымдар мен шетел валютасында көрсетілген депозиттер де кіреді.

Ашық нарық операциялары – банкаралық пайыздық мөлшерлемелер деңгейіне ықпал ету мақсатында ақша нарығында өтімділікті ұсыну немесе алып қою үшін Ұлттық Банктің аукциондар нысанындағы тұрақты операциялары. Ашық нарықта операциялар Ұлттық Банктің бастамасы бойынша жүзеге асырылады. Ашық нарық операцияларын жүргізу кезінде кепіл ретінде жоғары өтімді және тәуекелсіз бағалы қағаздар пайдаланылады.

Кері РЕПО – алдын ала белгіленген баға бойынша белгілі бір мерзімнен кейін кері сату міндеттемесімен бағалы қағазды сатып алу мәмілесі, Ұлттық Банк кері РЕПО операцияларын Ұлттық Банктің кепілді қамтамасыз ету тізбесіне сәйкес бағалы қағаздар кепілімен банктерге теңгелік өтімділікті беру мақсатында жүргізеді. Ашық нарық операциялары - базалық мөлшерлемеге жақын пайыздық мөлшерлемелер деңгейін қалыптастыру мақсатында ақша нарығында өтімділікті ұсыну немесе алып қою үшін Ұлттық Банктің аукциондар нысанындағы тұрақты операциялары.

Тұрақты қол жеткізу операциялары – ашық нарық операцияларының нәтижелері бойынша қалыптасқан өтімділік көлемдерін түзету жөніндегі ақша-кредит саясатының құралдары, тұрақты тетіктер мәміленің бір тарапының субъектісі Ұлттық Банк болып табылатын екі жақты мәмілелер шеңберінде жүзеге асырылады. Бұл операциялар банктердің бастамасы бойынша жүргізіледі.

Тікелей РЕПО – бағалы қағазды алдын ала белгіленген баға бойынша белгілі бір мерзімнен кейін кері сатып алу міндеттемесімен сату мәмілесі, Ұлттық Банк артық теңгелік өтімділікті алу мақсатында тікелей РЕПО операцияларын жүргізеді.

TONIA мөлшерлемесі – биржада мемлекеттік бағалы қағаздармен автоматты РЕПО секторында жасалған, бір жұмыс күні мерзімімен репо ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлемені білдіреді.

НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

АНК – «Агро кредит корпорациясы» АҚ

б.т. – базистік тармақ

ҚДБ – «Қазақстанның даму банкі» АҚ

ҚДКҚ – «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ

ҚИК – «Қазақстанның Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» АҚ

ҚҚБ (KASE) – Қазақстанның қор биржасы

ҚОҚ – «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ

ҚРҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

МБҚ – мемлекеттік бағалы қағаздар

Млн – миллион

Млрд – миллиард

НҚЕ – нарығы қалыптасып келе жатқан елдер

ОПЕК – Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы

п.т. – пайыздық тармақ

ІЖӨ – Ішкі жалпы өнім



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ